

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Атырау облысы Атырау қаласы Қайыршақты ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 21 мамырдағы № 166 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 21 мамырда № 4403 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Атырау қаласы Қайыршақты ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 17 шілдедегі № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Атырау қаласы Қайыршақты ауылдық округі әкімінің 17.07.2019 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37 бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің "Атырау қалалық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің 2019 жылғы 26 сәуірдегі № 07-5/200 хатына сәйкес, Қайыршақты ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қайыршақты ауылдық округі "Долголевец" шаруа қожалығында мүйізді ірі қара малы арасында вирустық диарея ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Салимжан и К" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша) осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды алу ұсынылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім әділет органдарында тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қайыршақты ауылдық округі әкімі

Ш. Қалиев